

# ШӘКӘРІМ ШАҢҒЫРАҒЫ



Арнайы басылым: Инженерлік-технологиялық факультетіне 60 жыл  
Диссертациялық кеңеске 30 жыл

2023 жыл  
№3 (151) мамыр



## ҚҰРМЕТТІ СЕМЕЙЛІКТЕР!

үлкен серпін бергені анық.

Осы жылдар ішінде университет заман ағымына қарай қарқынды түрде дамып келе жатқан ірі оқу ордасына, Шығыс Қазақстан, Абай өңірінің өнеркәсібі, бизнесі мен экономикасының барлық саласы үшін кәсіби кадрлардың басты «ұстаханасына» айналғанын мақтанышпен атап өткеніміз жөн.

Бүгінде Инженерлік-технологиялық факультеті білім беру шекарасынан әлдеқашан асып, өзін ресурс орталықтары мен зертханаларының дамыған құрылымы, материалдар био-нанотехнологиясы, тамақ өндірісінің машиналары мен аппараттары, ет және сүт өнімдерінің технологиясы, азық-түлік өнеркәсібінің экономикасы және оны ұйымдастыру салаларындағы әзірлемелерімен, сондай-ақ білікті профессорлық-оқытушылық құрамы бар беделді зерттеу орталығы ретінде танымал.

Факультеттің 60 жылдық мерейтойы ғалымдар мен оқытушылардың бірнеше буынының «Ғылыми мек-



теп» құруының берік дәстүрін айқындайды. Факультетте оқу үрдісіне озық білім беру және бизнес-технологиялар енгізілуде, сонымен қатар ең жоғары халықаралық талаптар мен стандарттарға сай болуға ұмтылуда, бұл – ұжымның ұйымшылдығы мен ауызбіршілігінің айқын көрінісі.

Бүгінгі таңда факультеттің мыңдаған түлегі еліміз бен өзге елдерде ғылым мен техниканың көптеген саласында озық позицияларды иелене отырып, уни-

верситет қабырғасында алған білімдерін жүйелі еңбегімен растап келеді.

Инженерлік-технологиялық факультетінің ұжымына, барша түлегіне және білім алушыларына алғысымды айта келе, еліміздің ғылымы мен білімі жолындағы қажырлы еңбектеріне толағай табыс тілеймін!

**Құрметпен,  
Қуаныш ЕРҒАЛИЕВ  
ҚР Ғылым және жоғары  
білім вице-министрі**

### Осы санда



АБАЙ ЕЛІНДЕГІ  
ТАМАҚ  
ӨНЕРКӘСІБІНІҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ  
ҒЫЛЫМ  
ОРДАСЫНА -  
60 ЖЫЛ

2-3 бет




ҰСТАЗЫ  
ЖАҚСЫНЫҢ -  
ҰСТАМЫ ЖАҚСЫ

5 бет



ПУТЬ УЧЕНОГО:  
ОТ СТУДЕНТА  
ДО ПРОФЕССОРА

6 стр



НАШИ  
ВЫПУСКНИКИ

20 стр

# АБАЙ ЕЛІНДЕГІ ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ БІЛІМ

Үстіміздегі жылы Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің инженерлік-технологиялық факультетіне, бұрынғы Семей ет және сүт өнеркәсібінің технологиялық институтының құрылғанына 60 жыл толады. Осы мерейтойға технологиялық институтта 1993 жылы тамақ саласының мамандықтары бойынша алғаш рет ашылған диссертациялық кеңестің 30-жылдығы тұспа-тұс келіп отыр. Семей өңіріндегі осы айтулы оқиғалар қаланың және қаладағы тамақ өнеркәсібінің даму тарихымен тікелей байланысты.

Қазақстандағы тамақ өнеркәсібінің қарыштап дамуы өткен ғасырдың басында іске қосылған аса ірі кәсіпорындардан басталады. Солардың бірі - Семейде іргетасы 1934 жылы қаланған М.И. Калинин атындағы ет-консерві комбинаты еді. Өндірістік қуаты жағынан бұрынғы Одақта үшінші орын алатын ет комбинатын халық «мясной гигант» деп атап кеткен. Ұлы Отан соғысы жылдары майдандарды ет өнімдерімен қамтамасыз етудегі жанқиярлық еңбегі үшін 1944 жылы ет комбинаты Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.

Осы алып комбинатты жоғары білімді мамандармен қамтамасыз ету үшін Шымкенттегі Қазақ химиялық-технологиялық институтының (ҚазХТИ) тамақ факультеті Семей қаласына көшіріліп, Семейде 1963 жылы алғаш рет студенттерді қабылдау жүргізілді. Сол жылы факультетте 540 студент, олардың ішінде: 175 адам - күндізгі бөлімде, 365 адам - кешкі және сырттай бөлімдерде білім алды. Факультет оқытушыларының штаты алғаш 24 адамнан құралды: 1 тарих ғылымдарының кандидаты, 11 аға оқытушы және 13 оқытушы болды.

Факультет деканы қызметіне тарих ғылымдарының кандидаты, доцент В.Д.Талалаев тағайындалды. Сол кездері факультет штаты бар болғаны 4 адамнан құралды: декан В.Д.Талалаев, аға оқытушы В.М. Лукин, шаруашылық бастығы Н.Е. Степин, есепші Н.И. Прушинская. Оқу үрдісін ұйымдастыру үшін Шымкенттегі ҚазХТИ-дан аға оқытушы А.Ф. Еникеев, вет.ғ.д., профессор Ульянов С.Д. Семейге жұмысқа ауыстырылды.

Факультет 1965 жылдан Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібінің технологиялық институтының Семей филиалы, ал 1980 жылдан Семей ет және сүт өнеркәсібінің технологиялық институты болды.

Алғашқы кезде технологиялық және механикалық факультеттерден құралған Семей бөлімшесі жылдан жылға нығайып, жас ғылыми кадрлармен толығып, материалдық-техникалық базасы ұлғая бастады. Студенттік жатақханалар, 12-қабатты бас корпус, зертханалық корпус, шеберхана, жүзу бассейні бар спорт кешені, оқытушыларға арналған тұрғын үй сияқты ауқымды құрылыстар жүргізіле бастады. Сол жылдары филиалдағы 4 факультетте оқытушы кадрларымен толықтырылған 20 кафедра жұмыс істеді.

Жас ғалымдар мақсатты аспирантураға еліміздің орталық қалаларына - Мәскеу, Ленинград, Киев, Одесса, Алматы, Новосібір, Томск – жіберіле бастады.



Тамақ факультетінің бас ғимараты -1963 ж.

Студенттер практикадан өту үшін Мәскеу, Ленинград, Рига, Тольятти сияқты қалалардағы кәсіпорындарға, ғылыми ұйымдарға жіберілді. Мысалы, 1976 жылы бір топ студенттер Мәскеу қаласындағы атақты А. Микоян атындағы ет комбинатында тәжірибеден өттік.

Семей технологиялық институтында 1973-1974 оқу жылдары 250 адамнан тұратын 6 студенттік құрылыс отрядтары құрылды: «Интеграл», «Семей», «Самоцветы», «Юность», «Алғабас», «Эквимбия». Құрылыс отрядының жасақтары Семей облысындағы халық шаруашылығы нысандарын салуда айтарлықтай табыстарға жетті. 1977 жылы Семейде қазіргі Абай атындағы кітапхана орналасқан ғимаратта (сол кезде саяси ағарту Үйі) студенттік құрылыс отрядтарының облыстық слеті өтті. Слетке құрметті қонақ ретінде Кеңес Одағының екінші космонавт-ұшқышы Герман Титов қатысқаны әлі есімізде.

Тамақ саласының дамуына өзіндік үлесін қоса білген қазақстандық ғалымдардың еңбегі лайықты бағаланып, 1982 жылы Семей ет және сүт өнеркәсібінің технологиялық институтының базасында тұңғыш рет КСРО Мемлекеттік ғылым мен техника Комитетінің (ГКНТ СССР) көшпелі мәжілісі өтті. Оған бұрынғы Одақтың барлық республикаларынан тамақ саласының белгілі ғалымдары қатысты. Семей ғалымдары Мәскеу технологиялық институтының (кейіннен Мәскеу мемлекеттік қолданбалы биотехнология университеті) ғалымдарымен бірге бюджеттен қаржыланатын Бүкілодақтық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаны орындауға қатысты.

Технологиялық институттың ғалымдары сол аймақтағы тамақ өндірісі кәсіпорындарымен тығыз байланыс орнатты, келісім-шарт негізінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындаумен шұғылданды. Қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстары Арқалық, Ақтобе, Шымкент, Атырау, Көкшетау, Теміртау, Алматы, Өскемен, т.б. қалалардағы ет комбинаттарымен жүргізіліп, нәтижелері өндіріске енгізілді. Ғылыми зерттеу нәтижелері сол кезде бүкілодақтық, халықаралық ғылыми конференцияларда және ет өнеркәсібі қызметкерлерінің

Куба, Голландия, Австралия, Германия, Франция, Россияда өткен Халықаралық Конгресстерінде баяндалды. Семей технологиялық институтының делегациясы Кубада өткен Конгреске және тәжірибе алмасу үшін Голландияға барып келді.

Технологиялық институтты әр жылдары басқарған ректорлар - доцент В.Д.Талалаев, доцент О.Р.Рахымжанов, профессор В.И.Воробьев, профессор Н.А.Апсаламов институттың кадрлық және материалдық базасын нығайтуға лайықты үлестерін қоса білді.

Университет ғимараттарының ішінде ерекше орын алатын спорт кешенінің 40-жылдан артық тарихы бар, сол кезде солтүстік-шығыс аймақтағы ешбір ЖОО болмаған спорттық ғимарат, талай әлемге әйгілі спорт саңлақтарын дайындаған спорттық кешен болып есептеледі.

Еңбек еш кеткен жоқ: дәл осы кешеннің спорт залында 80-ші жылдары Қазақстанның дзюдодан ең мықты командаларының бірі құрылып, жаттықтырылды. Команданың көптеген мүшелері халықаралық спорт шебері, КСРО, Еуропа, Халықаралық турнирлердің чемпиондары мен жүлдегерлері атанды. Семей технологиялық институтының командасы дзюдодан өткен Польшадағы халықаралық турнирге КСРО құрама командасы ретінде қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Белгілі ғалымдар ветеринария ғылымдарының докторы, профессор Сергей Дмитриевич Ульянов (1927-1992) сүт өнімдерінің технологиясы, техника ғылымдарының докторы, профессор Елемес Төлеуұлы Төлеуов ет өнімдерінің технологиясы бағыттарында негізін салған ғылыми мектеп сол жылдары қалыптаса бастады. Өткен ғасырдың 70-80 жылдары орталық қалаларда білім алған жас ғалымдар Семей технология институтында ғылым жолын жалғастырып, аталған ғылыми мектептің ары қарай дамуын қамтамасыз етті.

Тәуелсіздік алған жылдардан кейін Семей технологиялық институтының дамуы одан әрі жалғасты. Негізгі тамақ саласының мамандықтары бойынша аспирантура, докторантура түлектерінің диссертация қорғауын қамтамасыз ету үшін 1993 жылы алғаш рет аймақтық диссертациялық



# ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ОРДАСЫНА - 60 ЖЫЛ



**Институт ректоры Рахыжанов О.Р. және қонақтар**

кеңес ашылды. Кеңес құрамына Мәскеу, Кемерово, Омск, Алматы, Павлодар сияқты қалалардан тамақ саласының белгілі ғалымдары шақырылды. Техника ғылымдарының докторлары, профессорлар Л.А.Остроумов, Л.С. Кудряшов, А.А. Майоров, В.М. Позняковский, Б.А. Лобасенко, О.Н. Буянов, М.П.Щетинин, М.С. Уманский, Н.Б.Гаврилова, т.б. ғалымдар ғылыми-педагогикалық кадрлар дайындауда үлкен көмек көрсетті.

Сол 1993 жылы ашылған диссертациялық кеңес ғылым кандидаты-ғылым докторын дайындау бойынша ескі жүйе тоқтағанша 2011 жылға дейін үздіксіз жұмыс істеді. Нәтижесінде Қазақстанның барлық аймақтарынан келген ізденушілер 10 докторлық және 85 кандидаттық диссертациялар қорғады.

Семейдегі қарашаңырақ-технологиялық институттан түлеп ұшқан ғылыми кадрлар Қазақстан мен көршілес елдердің ЖОО мен ғылыми ұйымдарында табысты еңбек етуде. Семей технологиялық институты құрылған кезде барлығы екі ғылым докторы - вет.ғ.д., профессор С.Д.Ульянов, тарих ғ.д., профессор А.С. Құрманбаев жұмыс істеген болса, кейінгі жылдары факультеттен шыққан ғалымдар - ғылым докторлары, профессорлардың қатары көбейе түсті: Фрезоргер А.Д., Чоманов О.Ч., Жайлаубаев Д.Т., Туменов С.Н., Гаврилова Н.Б., Е.Т. Төлеуов, Б.А.Рскелдиев, А.Ю. Камербаев, Толысбаев Б.С., А.К. Какимов, Амирханов К.Ж., Касенов А.Л., Жарықбасова К.С., Уразбаев Ж.З., Абилмажинов Е.Т., Уалиев

С.Н., Шингисов А.У., Тултабаева Т.Ч., Курманғалиева Д.Б.

Осы ғылым докторларының ішінен 4 ректор, 7 проректорлар, ҒЗИ директорлары, қаншама декандар мен кафедра меңгерушілері шықты.

Технологиялық институттың түлектері еліміздің түкпір-түкпірінде, шет елдерде әртүрлі салаларда еңбек етуде. Елімізге белгілі институт түлектерінің ішінде Қазақ КСР ет өнеркәсібінің бұрынғы министрі Ф.А. Новиков, Қазақстанның Халық қаһарманы, ірі өндіріс басшысы А.И. Атмачиди, ҚР АШМ экс-вице-министрі Г.С. Исаева, ҰҚК генералдары С.М. Мыңбаев, С.Д.Шалабаев, Қазақстан ЖОО бұрынғы ректорлары А.Д. Фрезоргер, А.Ю. Камербаев, С.Н.Туменов, Ж.З. Уразбаев, белгілі кәсіпкерлер - «Бижан» ЕӨЗ ЖШС бас директоры Х.Н.Бижан, «Euroasia Transit Group» ЖШС қамқорлық кеңесінің төрағасы Уалиев С.Н., Казиев З.Б., Жуаспаев К.Т., Аймаков А.М., т.б. бар.

Семей технологиялық институтының ізбасары 1996 жылдан бастап «Семей» мемлекеттік университетінің, кейіннен Шәкәрім университетінің құрамындағы инженерлік-технологиялық факультет болып табылады.

Факультетте қазіргі кезде 5 кафедрада 69 оқытушы 39 білім бағдарламалары бойынша 1600-ден астам студент, магистрант, PhD-докторанттарға дәріс оқиды. Факультет заманауи құрал-жабдықтар, приборлармен жарақтанған дәрісханалар мен зертханалары бар материалдық-

техникалық база негізінде оқу үрдісі мен қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізеді.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттары негізінде қаржыландырылатын жобалардың негізгі бөлігі осы факультет ғалымдарының еншісінде. Биыл үш жас ғалым Post-докторантура бойынша жас ғалымдардың грантын жеңіп алды.

Үш деңгейлі білім беру жүйесі бойынша кадрлар дайындаудың нәтижелі болуы үшін 2016 жылдан факультетте 4 мамандық бойынша PhD -докторлық диссертациялар қорғайтын диссертациялық кеңестер жұмыс істейді. Осы жылдары «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы», «Тағам қауіпсіздігі», «Технологиялық машиналар мен құрал-жабдықтар» және «Техникалық физика» мамандықтары бойынша 25-тен аса докторлық диссертациялар қорғалып, бекітілді.

Студенттердің болашақ мамандықтарын жетік игеруі үшін тәжірибе өтетін базалық кәсіпорындардың саны жыл сайын артып келеді, оларда кафедралардың филиалдары ашылып, дуалдық оқыту жүйесі іске асырылуда.

Факультетте ұйымдастырылған жұмыс берушілердің Кеңесіне аймақтағы 30-дан астам ірі кәсіпорындардың басшылары мен мамандары кіреді:

АҚ «Шығыс Қазақстан ұн-құрама жем комбинаты», шұжық цехі «Dagiya» ЖК «Масаева А.Т.», РМК «КазСтандарт» Шығыс-Қазақстан филиалы, ЖШС «Багратион-Улан», Техникалық реттеу және метрология комитеті ШҚО Департаментінің Семей филиалы, КМКК «Облыстық балалар биологиялық орталығы», ЖШС «Kondiz», ЖШС «СКМК», ЖШС «Казполиграф», ЖШС «IMAS GROUP», ЖШС «Daewoo bus Kazakhstan», ЖШС «КАМКОР Logistic Ltd», АҚ «Семей-инжиниринг», МКК «Теплокоммуэнерго», РМК «Ұлттық ядролық орталық» «Атом энергиясы институты» филиалы (Курчатов қ.), КМК «Ядролық медицина және онкология орталығы Семей қ.», ЖШС «QAZAQ ASTYQ-GROUP», ЖШС «Өндіріс компаниясы "Семей цемент заводы», ЖШС «Партнер Энерго LTD», ЖШС «Архитектура F», т.б.

Факультетте студенттердің шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыруы және тұлға болып қалыптасулары үшін барлық жағдайлар жасалған. Спортпен шұғылданытын студенттер үшін екі спорт кешенінде әртүрлі үйірмелер жұмыс істейді.

Қорыта келгенде айтарымыз, 60-жылдық тарихы мен дәстүрі бар Семей технологиялық институтының ізбасары - инженерлік-технологиялық факультеттің ұжымы қойылған биік мақсаттарға жету үшін жас ұрпаққа лайықты білім, өнегелі тәрбие беруге күш-жігерін салауда. Тәжірибесі жеткілікті аға буын өкілдері мен жігерлі жас ғалымдардың ұйымдасқан еңбектері білім және ғылым саласында жаңа белестерге жеткізетініне сеніміміз мол.

**Құмарбек ӘМІРХАНОВ,**  
техника ғылымдарының докторы,  
профессор



# НӘДІРБЕК ӘПСӘЛЕМҰЛЫНЫҢ ҰЛАҒАТТЫ ӨМІР ЖОЛЫ

*Бұл мақала жарты ғасырдан астам уақыт жоғары білім саласында қызмет етіп, саналы ұрпақ, талантты шәкірт тәрбиелеген белгілі де, беделді ғалым-ұстаз Нәдірбек Әпсәлемұлы жайында болмақ.*



Әпсәлемов Нәдірбек Әпсәлемұлы - бұрынғы Семей облысы, Ақсуат өңірінің тумасы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы жаратылыстану ғылымдары Академиясының академигі.

Ташкент халық шаруашылығы институтын аяқтаған білімді жас маман өзінің алғашқы еңбек жолын бас экономист маман, кафедра ассистенті, аға оқытушыдан бастап, кафедра меңгерушісі, проректор, ректор лауазымына дейін көтеріледі. Жауапты қызметтерді абыроймен атқарған маңдай терінің арқасында «Құрмет» ордені және «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы», «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы», INSAM «Мінсіз қызметтік беделі үшін» медальдарымен, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Қазақ ССР білім беру ісінің үздігі» және «КССРО білім беру ісінің үздігі» төсбелгілерімен және т.б. көптеген марапаттарға ие болады.

Өзінің саналы ғұмырын жоғары білім мен ғылым саласына арнаған Нәдірбек Әпсәлемұлы талай ұлағатты істердің бастауында жүріп, еңбегінің арқасында соңынан өзіндік өнегелі із қалдырған белгілі тұлға.

Дарынды басшының өмір жолындағы айтулы сәттері Семей ет және сүт өнеркәсібі

технологиялық институты және Қаржы-экономикалық академиясының даму тарихымен тікелей байланысты. Сол уақыттағы «инженерлік кадрлар ұстаханасы» болып саналатын технологиялық институтта алғаш рет 1989 жылы Нәдірбек ағамыздың бастамасымен қазақ факультеті ашылады. Ал 90 жылдары Одақ тарап, тоқырау кезеңі басталған кезде жаңа бас ғимараттың құрылысы кешеуілдеп, тіпті тоқтап қалу

Қазақстанда жоғары білікті мамандар дайындаудың ұлттық жүйесі қалыптасты, институтта бірнеше мамандықтардан аспирантура және докторантура ашылды. Бітіруші түлектердің диссертациялар қорғауын қамтамасыз ету үшін ректораттың алдында тамақ өнеркәсібі саласының мамандықтары бойынша диссертациялық кеңес ашу міндеті қойылды. Кеңес ашуға өзіміздің дәрежелі мамандар жетіспегендіктен шекаралас



азаматтық борышын ұмытқан емес. Қазақтың даңқты батыры Қабанбай батырдың ерлігін дәріптеу мақсатында өткізген талай ісшаралары жастарға патриотизм рухын сіңіруге, асыл тұқымды жылқы, құмай тазы ұстау арқылы рухани құндылықтарды дәріптеуге зор ықпал еткені сөзсіз.

Сонымен қатар, «Отан – от басынан, туған жерден басталады» деген қағиданы берік ұстаған ұлағатты ғалым елім, жерім деген намысшыл, ұлтжанды азамат болды. 2009 жылы туған жері Ақсуат жерінде су тасқыны болып, екі ауыл суға кеткен қысылтаяң шақта, Нәдірбек Әпсәлемұлы жедел штаб құрып, сол өңірден шыққан беделді азаматтарды қиын-қыстау кезде елге көмек қолын ұсынуға шақырды. Елағасының бастауына үн қатқан азаматтар да жан-жақтан ағылып, «Туған жерге туынды тік» деген үндеумен өздерінің туған жерлеріне, яғни зардап шеккен ауылдарға қомақты көмектерін көрсетті. Сол кездегі елдің берекесі мен Ақсуаттық азаматтардың ауызбіршілігі әлі күнге дейін жұрт аузында.

Өмірлік серігі Зоя Темірханқызымен бірге балалары мен немерелеріне өнегелі тәрбие, саналы білім беріп, ардақты ата, қамқор әке, отбасының тірегі ретінде үркер жұлдыздай жол көрсетіп, қоғамда өз орындарын тапқан бақытты азаматтар етіп өсірді.

Қазақта «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген ұлағатты сөз бар, Нәдірбек Әпсәлемұлы ғибратты ғұмырымен, парасатты ісімен, өзі тәрбиелеген шәкірттерімен, тәрбиелі ұрпақтарымен өзіне өшпес ескерткіш қойып кеткен ұлы тұлға ретінде мәңгілік ел есінде қалатыны сөзсіз.

**Алмагүл  
НҮРҒАЗЕЗҚЫЗЫ,  
техника ғылымдарының  
кандидаты,  
қауымдастырылған  
профессор**



қауіп туындап, тығырыққа түреледі. Сол кезде ректор болып тұрған Нәдірбек Әпсәлемұлының басшылығы мен қажыр-қайратының арқасында институт қызметкерлерін, оқытушылар мен студенттерді, түлектерді жұмылдыра отырып, құрылыс жұмыстарын өз күштерімен аяқтап, 1993 жылы 12 қабатты бас ғимаратқа көшеді. Осы жұмыстың нәтижелі аяқталуына, институттың жаңа инфрақұрылымының қалыптасуына Н.Әпсәлемұлының зор беделі, ұйымдастырушылық қабілеті тікелей ықпал етті деп толық негізде айтуға болады.

Одақ тарағаннан кейін

Ресей жоғарғы оқу орындарынан ғалымдарды шақыруға тура келеді.

Қазақстан ЖАК-ның 1993 ж. 30 желтоқсандағы бұйрығына сәйкес Семей ет және сүт өнеркәсібінің технологиялық институтында «Ет, сүт және балық өнімдерінің технологиясы» және «Тамақ өнеркәсібінің процестері, машиналары және агрегаттары» мамандықтары бойынша техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмыстарды қорғауға аймақтық мамандандырылған кеңес ашылады.

Арнайы мамандандырылған кеңестің төрағасы болып, институт ректоры, профессор Н.А.Әпсәлемов бекітіледі. 1993 жылы ашылып, бүгінгі таңда 30 жылдық тарихы бар диссертациялық кеңес мәжілістерінде Қазақстанның барлық аймақтарынан келген ізденушілер докторлық және кандидаттық диссертацияларын қорғап, ғылыми дәрежеге ие болып, бүгінгі таңда ғылым мен білім кеңістігінде абыройлы қызметтер атқаруда.

Нәдірбек Әпсәлемұлы үлкен ұжым басшысының ауыр жүгін арқалай жүріп, қоғамға және елге қызмет етумен қатар,



# ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ - ҰСТАМЫ ЖАҚСЫ

**Биыл Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің Инженерлік-технологиялық факультетінің құрылғанына 60 жыл толады.**

Ол алғаш 1963 жылы Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтының Семей қаласындағы жалпы-техникалық факультеті ретінде құрылып, кейіннен 1964 жылдан оның филиалы болып өзгерді. 1980 жылы бұл филиал Семей ет және сүт өнеркәсібі технологиялық институты (СЕСӨТИ) болып жеке отау құрды. Сол 1963 жылдан бастап осы салалар бойынша өндіру мен өңдеу бағытында мыңдаған мамандарды дайындап шығарды. Олар Қазақстанда, тіпті қазіргі тәуелсіз мемлекеттер достастығына енетін бүкіл республикаларда абыроймен еңбек істеп жүр, алды зейнеткерлікке де шығып үлгерді.

Мектеп қабырғасынан ұшып шыққан 17-18 жастағы жас түлектерді 4-5 жылдың ішінде еліміздің қажетіне жарайтын, өздері қалаған мамандықтары бойынша жұмыс істей алатын жоғары білімді маман, әрі тәрбиелі де жан-жақты азамат болып шығуына тікелей үлесі бар, ол- институттағы оқытушылар қауымы.

Осы 60 жылдың көлемінде институттың оқу-ғылыми үрдісіне жауап беретін кіші ұяшығы – кафедраларда мыңнан аса адам оқытушылық қызмет атқарды, әкімшілікте (деканат, ректорат, профком, партком), бөлімдерде жұмыс істеді. Солардың ішінде білім деңгейі жоғары, оқу-әдістемелік тәсілдерін жетік меңгерген, мінез-құлықтарымен әріптестеріне де, студенттерге де үлгі бола білген «ұстаз» деген жоғары атаққа ие болған адамдар бар.



**Сулейменов Т.Ж.**



**Мангибаев Ж.С.**



**Төлеуов Е.Т.**



**Гулида И.И.**

1982 жылы Алматының С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің механика және қолданбалы математика факультетін бітіріп, Республикалық жоғары оқу министрлігінің арнайы жолдамасымен сол кездегі Семей ет және сүт өнеркәсібі технологиялық институтының, қазіргі Шәкәрім атындағы Семей университетінің инженер – технологиялық факультетінің оқытушысы болып 1982 жылдың 3 - қазанынан бастап міне 41 жылдай қызмет істеп келе жатырмын. Сонда алғаш жүздескен, қазір сағынышпен, қимастықпен еске алатын абзал ағаларым, механикалық факультеттің деканы Жақсылық Сәлімгерейұлы Мангибаев, материалдар кедергісі және механика кафедрасының меңгерушісі- Төлеу Жобақұлы Сулейменовтардың ықпалдары өте зор болып еді. Кейіндері, бірге жұмыс жүрген кездерімде де сол алғашқы сырбаз, саналы мінездерінен айнымады, үлгі-өнеге болып, ағалық қамқорлықтарын аямады.

Адамның мінезінің, көзқарасының қалыптасуына көбінесе өскен ортасы мен бірге жұмыс істейтін әріптестерінің ықпалы көп болады. Осы 41 жыл оқытушы болып жұмыс атқарып жүрген кезімде, бірге әріптес

болған, оқушыларға қамқор көзбен қарай біліп, олардың оқу қабырғасында толық қанды білім алып, болашақта жақсы маман болып шығуына еңбек еткен, маған өнеге болған ұстаздарымды атап өтсем, олар: Е.Т.Төлеуов, Т.Ж.Сүлейменов, Ж.С.Мангибаев, А.Ж.Жұмағұлов, М.Е.Естекбаев, И.И. Гулида, А.Д.Қожықов, О.Т.Темиртасов.

Олардың қатарына көп жылдар бірге қызмет істеген аға-апайларымыз, технологиялық институттың «аға» ардагерлері: С.К.Килибаева, Л.Е.Гайнова, С.Б.Садықова, А.Ж.Жұмырбаев, З.А.Паримбеков, А.Е.Еренғалиев, Б.А.Кимов, А.К.Какимов, Г.К.Кабдулқаримова, Ш.А.Уйсимбаеваларды да жатқызуға болады.

Институтта бір кездері қызметтерімізді қатар бастаған, қазіргі кезде еңбек өтілдері 40 жылдан асып кеткен, оларды да инженер-технологиялық факультеттің («орта») ардагерлері деуге болатын замандастарым да бірге жүріп, өз ықпалдарын тигізді, олар: Қ.Ж.Амирханов, Қ.Қ.Жаманов, М.А.Акимов, А.П.Мустафаев, Б.К.Кожегелдиев, Ш.Б.Сейтова, С.Қ. Смагулов, Б.Ш.Тұрысбекова, Б.К.

Өтеджанова, Т.К. Калияуов және т.б.. Еңбек жолымда осындай адамдармен жолықтырып, олармен бірге жұмыс істегенімді мақтан тұтам, әрқашанда оларды құрметтеймін.

“Шәкіртсіз ұстаз тұл” десе халқымыз, өзіміз дәріс берген, қазіргі кезде біздің университетте немесе Астана, Алматы университеттерінде абыроймен еңбек етіп жатқан, еңбек өтілдері 20 жылдан асқан технологиялық институттың “кіші” буын өкілдерін айта өтсем, олар: Ж.Қ.Какимова, О.А.Степанова, А.Д. Золотов, Б.К.Кабулов, Е.Т.Әбілмәжінов, С.М.Мансуров, Е.Я.Шаяхметов, С.С. Шахова, Н.К.Ибрагимов, С.Д.Тоқаев, М.М.Какимов Г.Б.Абдилова, А.К.Мустафаева, Ж.Х. Тоқтаров және т.б.

Жоғарыда аталған әрбір адам «ұстаз» деген құрметті атаққа лайық жандар, олардың әрқайсысының еңбек жолдарына көз жүгіртіп, адамгершіліктері мен араласқан орталарындағы қадір-қасиеттерін сипаттап өтетін болсақ оның өзі жеке бір әңгімелерге өзек болар еді.

**Серікбол ТУРУСБЕКОВ,**  
**«Технологиялық жабдықтар және машина жасау» кафедрасының аға оқытушысы**



**Темиртасов О.Т.**



**Жумагулов А.Ж.**



**Естекбаев М.Е.**



**Қожықов А.Д.**



# ПУТЬ УЧЕНОГО: ОТ СТУДЕНТА ДО ПРОФЕССОРА

**Начальник учебно-методического управления, отличник народного просвещения Казахской ССР, член-корреспондент Академии Естественных наук Республики Казахстан, профессор кафедры «Машины и аппараты пищевых производств».**

**Смирнов М.Б. (1948-2021 гг.)** родился 14 сентября в городе Семипалатинске.

С 1966 по 1971 год студент Семипалатинского филиала Джамбулского технологического института легкой и пищевой промышленности и одновременно заместитель председателя спортивного клуба института. В годы учебы в вузе был одним из организаторов зарождающегося в Семипалатинской области движения Строительных студенческих отрядов, принимал активное участие, являясь не только бойцом отрядов, но и командиром областного и районных студенческих отрядов. Имеет награждения за работу в составе таких отрядов.

Трудовую деятельность начал инженером-конструктором на Семипалатинском опытно-механическом заводе.

С 1971 по 1972 год служил в рядах Советской Армии.

В 1982 году окончил аспирантуру в Московском технологическом институте мясной и молочной промышленности с защитой кандидатской диссертации по теме «Реодинамика колбасных фаршей при неизотермическом режиме».

В 1982 году присуждена ученая степень кандидата технических наук, а в 1987 году присвоено ученое звание доцента. В 1995 году избран член-корреспондентом Академии естественных наук, а в 2002 году присвоено академическое звание профессор Семипалатинского государственного университета имени Шакарима.

В 1985–1986 г. обучался в Московском педагогическом институте имени М. Тореза и с отличием закончил 10-месячные курсы французского языка.

С 1972 года и до последних дней своей жизни работал в системе образования: 1972-1973 годы – мастер производственного обучения кафедры «Расчеты и конструирование машин», 1974-1977 годы – преподаватель, старший преподаватель кафедры «Процессы и аппараты пище-

вых производств», 1977-1982 годы – стажер-исследователь, аспирант Московского технологического института мясной и молочной промышленности, 1982-1996 годы – старший преподаватель, доцент кафедры «Процессы и аппараты пищевых производств», 1996-1997 – заведующий кафедрой «Технологические процессы и гидравлика», 1998-2002 годы – доцент, а с 2002 года – профессор кафедры «Машины и аппараты пищевых производств».

Педагогическую и научную работу в 1984-1988 годы совмещал с исполнением обязанностей декана вечернего и общетехнического факультетов, в 1988-1991 годы – декана инженерно-механического факультета, в 1991-1996 годы – проректора по учебной работе Семипалатинского технологического института мясной и молочной промышленности.

После создания Семипалатинского государственного университета имени Шакарима с 1996 по 1999 год – декан инженерно-механического факультета, с 1999 по 2004 год – начальник центра профессиональной ориентации, а с 3 сентября 2004 года – начальник учебно-методического управления Семипалатинского государственного университета имени Шакарима. С 2009 года возглавлял учебно-методический отдел управления и системы менеджмента, а затем назначен директором департамента по академическим вопросам университета.

Смирнов М.Б. далее продолжал на высоком профессиональном уровне вести учебно-методическую и научную работу.

Вся его научно-педагогическая деятельность была связана с подготовкой специалистов для пищевой промышленности. Под его руководством выполнялись и были успешно защищены диссертации на соискание ученых степеней кандидатов наук и магистерских званий.

В последние годы он являлся ведущим экспертом-международником Независимого агентства аккредитации и рейтинга IAAR, принимая активное участие в работе не только по аккредитации вузов Республики Казахстан, но и зарубежья.

По результатам научных исследований опубликовано более 100 работ, в т.ч. изобретения, обзорные информации,



статьи, учебные пособия, методические указания. Принимал участие в международных и республиканских конгрессах и конференциях. Является одним из авторов Государственного общеобязательного стандарта по специальности 14.07.40 – «Машины и аппараты пищевых производств». Был членом диссертационного совета по защите кандидатских диссертаций Семипалатинского технологического института мясной и молочной промышленности. В последнее время являлся членом диссертационного совета при Семипалатинском государственном университете имени Шакарима.

Смирнов Михаил Борисович консультировал докторантов кафедры Жумадилову Г.А., Бакиеву А.Б., Муратбаева А.М. Участвовал в программе менторства в университете, помогал молодым преподавателям в работе.

За успехи в учебной, научно-педагогической и общественной деятельности награжден нагрудным знаком «Отличник народного просвещения Казахской ССР».

Смирнов Михаил Борисович награжден за доблестный труд и достижения в области образования и науки Медалью в честь 20-летия Республики Казахстан, Грамотой Первого Президента, грамотами и благодарностями министерств и

ведомств.

Решением Ученого Совета Государственного Университета имени Шакарима города Семей в 2016 году за высокие достижения в деле воспитания, образования, развития интереса к науке молодого поколения Михаил Борисович награжден медалью «Почетный педагог», а также Медалью ШАКАРИМА.

Михаил Борисович – замечательный наставник, который верил в нас и наши силы. Его спокойная и уверенная речь, непоколебимая поддержка всегда заставляла идти вперед. Учитель научил нас работать кропотливо и достигать все поставленные цели. С раннего утра и до позднего вечера Михаил Борисович передавал знания и навыки, которые сформировали нашу карьеру и профессиональную жизнь.

Трудно смириться с тем, что мы больше не можем получать удовольствие от занятий и бесед с таким замечательным человеком. Наставничество М.Б. Смирнова было большой привилегией.

**Гульмира  
ЖУМАДИЛОВА,  
Заведующая кафедрой  
«Технологическое  
оборудование  
и машиностроение»,  
PhD**

# ҰСТАЗ, ҒАЛЫМ, ТӘЛІМГЕР



**Юрий (Георгий) Борисович Акерман, Еңбек ардагері.**

**Технологиялық институтта 1964 ж., зейнеткерлікке шыққанша 1998 ж. дейін 35 жыл абыроймен қызмет атқарды.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің инженерлік-технологиялық факультеттің құрылғанына 60 жыл толуына орай, 2023 жылдың маусымның 10-шы жұлдызында 90 жасқа келейін деп отырған, өзім осы институтта (СЕСӨТИ) қызмет істей бастаған мезеттен ақыл кеңесін жалықпай үйреткен, әлі күнге дейін ақылдасатын, Семей ет және сүт өнеркәсібі технологиялық институтта 1964 жылдан бастап, 1998 жылы зейнеткерлікке шыққанша 35 жыл үздіксіз еңбек еткен ұстазым, тек менің ғана емес технологиялық институттың көптеген түлектеріне және оқытушы-мамандарына үлгі болған Юрий (Георгий) Борисович Акерман жайлы айтсам ба деп едім.

Юрий Борисович Акерман Сыктывкар қаласында 1933 жылы 10 маусымда

дүниеге келген. 1938 ж. бастап Семей қаласының тұрғыны. 1955 ж. Н.К.Крупская атындағы Семей педагогикалық институтының физика-математикалық факультетін тамамдаған. 1955-1957 жж. Кеңес армиясында болған. 1958-1964 жж. Семей педагогикалық институтының жоғары математика және физика кафедраларында ассистент, 1964-1989 жж. Семей тамақ факультетінің металлдардың технологиясы және материалдар кедергісі кафедрасында аға оқытушы болып қызмет атқарды. 1968-1969 жж. осы кафедраның меңгерушісі болды. 1989 жылдан доцент. Қазіргі уақытта бұл кафедра университеттің «Технологиялық жабдық және машина жасау» кафедрасы деп аталады.

Юрий Борисович өзінің педагогикалық қызметінде келесідей пәндерден білім берді: теориялық механика, материалдар кедергісі, машиналар мен механизмдер теориясы, математикалық анализ. Ол әрқашанда еңбек жолын жаңадан бастаған жас оқытушыларға өз көмегін аяған емес, солардың қатарында Кожагельдиев Б.К., Турусбеков С.К., Хайралиев С.И., Темирбеков Н.М., Асамбаев А.Ж. және т.б. бар.

Юрий Борисович Семей ет және сүт өнеркәсібі технологиялық институтында жұмыс істеген уақытында Кеңес одағының жоғары және арнайы орта білім беру министрлігінің ғылыми-әдістемелік кеңесінде арнайы тіркелген теориялық және қолданбалы механика мұғалімдерінің ғылыми-әдістемелік семинарына жетекшілік жасады. 1985 жылдан Юрий Борисович СССР ЖОО министрлігінің жанындағы жоғары оқу орындарының арасындағы әдістемелік кеңесінің мүшесі болды.

Өзінің білімін көтеру үшін Юрий Борисович көп рет СССР-дегі Н.Э.Бауман атындағы Москваның жоғары техникалық университеті (МВТУ), М.Ломоносов атындағы Москваның мемлекеттік университеті (МГУ) және Москваның инженерлік-құрылыс институты (МИСИ) сияқты беделді жоғары оқу орындарындағы



**Акерман Ю.Б. жұбайы - Римма Александровна Гедевани**

мұғалімдердің біліктілігін көтеру факультеттерінде болды.

Юрий Борисович жоғары оқу орындарында теориялық механиканы оқыту әдістемелерінен 40-тан аса жарияланымдарын шығарды.

Юрий Борисович үш медальмен марапатталған: 1) В.И.Лениннің 100-жылдығына арналған ерен еңбегі үшін мерекелік (1970ж.); 2) Еңбек ардагері (1988ж.); 3) Жеңістің 65-жылдығына арналған мерекелік (2010ж.)

Ол 1976 ж. Кеңес одағы жоғары және арнаулы орта білім беру министрлігінің «1976 ж. социалистік жарыстың жеңімпазы» төсбелгісі, 1984ж. жаратылыстану, техникалық ғылымдары бойынша студенттердің ең үздік ғылыми жұмыстарының XVI Республикалық конкурсында жеңімпаз студентті дайындағаны үшін КазССР-нің жоғары білім беру министрлігінің алғысын, 1992 ж. студенттерді оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі жемісті еңбегі үшін КР Білім беру министрлігінің құрмет грамотасын иеленді.

Юрий Борисович атақты адамдардың тікелей ұрпағы, оның атасы - Александр Петрович Нечаев - СССР-дегі экспериментті психологияның негізін қалаушы, Санкт-Петербургтегі педагогикалық ғылымдар академиясының президенті, 1935 ж. Семейге жер аударылып, содан 1948 жылға дейін осы қалада қызмет істеген. Өкесі - Борис Александрович Акерман, Санкт-Петербург университетінің тарих-филологиялық факультетінің түлегі, Қайым Мухаметханов атамызбен бірге Семейдегі Абай музейін ұйымдастырушыларының біреуі болған.

**Серікбол ТУРУСБЕКОВ,**  
**«Технологиялық жабдықтар және машина жасау» кафедрасының аға оқытушысы**



**Акерман Ю.Б. және Темиртасов О.Т. жас оқытушылармен**



# ИСТОРИЯ КАФЕДРЫ «ТЕХНОЛОГИЯ ПИЩЕВЫХ ПРОИЗВОДСТВ И БИОТЕХНОЛОГИЯ»

**Кафедра «Технология мясных и молочных продуктов» была организована в составе общетехнического факультета, затем Семипалатинского филиала Жамбылского технологического института легкой и пищевой промышленности в 1962 году.**

Первым заведующим кафедрой был доктор ветеринарных наук, профессор Ульянов Сергей Дмитриевич. В связи с назначением его деканом технологического факультета аспирантуру и защитил кандидатскую диссертацию в Московском технологическом институте мясной и молочной промышленности (МТИММП).

После окончания Казахского химико-технологического института в 1966 году первым аспирантом кафедры был Елемес Тулеуович Тулеуов, который в 1969 году успешно завершил аспирантуру и защитил кандидатскую диссертацию в Московском технологическом институте мясной и молочной промышленности (МТИММП).

С 1969 года он работал преподавателем, старшим преподавателем, доцентом кафедры «Технологии мяса и мясных продуктов». С октября 1971 года Е.Т. Тулеуов был назначен заведующим кафедрой «Технологии мясопродуктов и технологического оборудования», а с 10 октября 1972 года стал заведующим кафедрой «Технология мяса и мясных продуктов».

Более 37 лет Елемес Тулеуович работал на кафедре «Технологии мяса и мясопродуктов» и возглавляемый им коллектив всегда отличался сплоченностью, трудолюбием и высокими научными результатами. Под его руководством было защищено 4 докторских и 26 кандидатских диссертаций, на кафедре подготовлено более 3 тысяч специалистов для мясной и молочной промышленности.

В течение ряда лет он возглавлял научно-исследовательские работы в рамках программы Министерства высшего образования и науки Республики Казахстан и по хозяйственным с предприятиями мясной промышленности. Научные исследования проводились на мясокомбинатах г. Шымкент, Актобе, Атырау, Аркалык, Павлодар, Уральск, Уштобе, Экибастуз, Кокшетау, Атбасар, Рубцовск, Алматы, Усть-Каменогорск, Семей и др.

По результатам научно-исследовательских работ Е.Т. Тулеуовым было опубликовано более 300 научных работ, в том числе монографии «Производство конины» (Москва, 1986), «Переработка мясокостного сырья на пищевые цели», учебное пособие «Ет және ет өнімдерінің технологиясы» и др. Он принимал участие в различных международных и республиканских научных конференциях, проводимых в вузах Республики Казахстан и ближнего зарубежья. Под руководством Елемеса Тулеуовича сотрудниками кафедры разработаны и внедрены технологии более 20 новых видов мясопродуктов и получены более 25 авторских свидетельств и 16 патентов на изобретения.

Учитывая заслуги Е.Т. Тулеуова в 1992 году ему было присвоено ученое звание



профессора решением Госкомитета по народному образованию СССР. Актуальность научных исследований профессора Тулеуова Е.Т. признана и зарубежными учеными. Он участвовал и опубликовал труды на Международных конгрессах работников мясной промышленности в России (Москва), Дании (Копенгаген), Куба (Гавана), Германия (Кульмбах), Швеция (Мальме), Франция (Париж) и т.д. Результаты НИР, возглавляемых профессором Е. Тулеуовым внедрены на предприятиях мясной промышленности Казахстана, России и СНГ.

На кафедре с каждым годом увеличивался контингент обучающихся по дневной, заочной и вечерним формам обучения. Первый выпуск инженеров-технологов состоялся в 1967-1968 учебном году по вечерней и заочной формам обучения. Постепенно укреплялась материально-техническая база филиала. Кафедра тесно сотрудничала с учеными Московского технологического института Горбатовым А.Ф. и Роговым И.А., которые читали лекции студентам и прививали навыки к научной деятельности. Учеными и преподавателями филиала совместно с московскими учеными проводились научные исследования по проблемам в области совершенствования технологии мясных продуктов, рационального использования сырья на предприятиях мясной промышленности Семипалатинского региона. Результатом научно-исследовательских работ стала усовершенствованная технология вареных колбас, представленная на утверждение в Министерство мясной и молочной промышленности Каз.ССР. С каждым годом увеличивался профессорско-преподавательский состав, в том числе с учеными степенями. На кафедре в то время работали преподавателями Рскельдиев Б. А., Сумароков А. В., Степанова Р. Г., Яковлева Л. Н., Григорьева Э. П., Аликулов Г. Э., Хакимова Р. Ш., Дюсембаев М. С., Кузетаева Н. Б., Штульбой В. И. и др.

По результатам научных исследований с 1980 по 1988 годы в МТИММП защитили кандидатские диссертации Мырзабаев М. А., Рскельдиев Б. А., Романишина В. Н., Аликулов Г. Э., Жарич С. Л., Амирханов К. Ж.

Многие молодые выпускники кафедры стали докторами и кандидатами наук, которые работают в университете Шакарима, в других вузах Казахстана, России, научных организациях и на различных предприятиях

- д.т.н., профессор Рскельдиев Б. А., д.т.н., профессор Амирханов К.Ж., д.т.н., профессор Какимов А.К., д.т.н., профессор Узаков Я.М., д.т.н., Уалиев С.Н., д.т.н., Уразбаев Ж.З., д.т.н., Мырзабаев М. А., к.т.н., доцент Туменова Г.Т., к.т.н., доцент Исаков М.Х., к.т.н., профессор Асенова Б.К., к.т.н., профессор Кажыбаева Г.Т., к.т.н., ассоциированный профессор Нургазиева А.Н., к.т.н., ассоциированный профессор Нурымхан Г.Н., к.т.н., ассоциированный профессор Касымов С.К., доктор философии PhD Игенбаев А.К., к.т.н. Гаптар С.Л., к.т.н. Исаева К.С., к.т.н. Байтуkenова Ш.Б., к.т.н. Хаймулдинова А.К. и многие другие.

В 2010 году по образовательной программе «Технология продовольственных продуктов» кафедра успешно прошла международную аккредитацию в Международном агентстве «Ассоциация инженерного образования» (AIOR).

Профессорско-преподавательский состав кафедры ежегодно участвует в конкурсе «Лучший преподаватель вуза», проводимой Министерством образования и науки РК. С 2007 года звание «Лучший преподаватель Вуза» получили 12 преподавателей. Первым лучшим преподавателем в 2007 году был Тулеуов Е.Т.

С декабря 2011 года по сентябрь 2016 года заведующей кафедрой «Технология пищевых продуктов» была назначена кандидат технических наук, профессор Асенова Б.К. За период работы на кафедре были получены лицензии на образовательную деятельность по направлению магистратуры и докторантуры «Пищевая безопасность» и по направлению бакалавриат «Технология изделий легкой промышленности».

С 2016 по 2021 г. кафедру возглавляла кандидат биологических наук, ассоциированный профессор Калибеккызы Ж., а с 2021 года заведующей кафедрой является кандидат технических наук, ассоциированный профессор Какимова Ж.Х.

Кафедра «Технологии пищевых производств и биотехнология» занимается проблемами подготовки специалистов для пищевой отрасли и биотехнологии.

На кафедре осуществляется непрерывная подготовка кадров по системе бакалавриат-магистратура-PhD-докторантура. Образовательная деятельность на кафедре осуществляется по 2 образовательным программам бакалавриата – «Технология продовольственных продуктов» и



«Биотехнология», магистров по направлениям – «Технология продовольственных продуктов», «Пищевая безопасность», «Биология», «Биотехнология», «Стандартизация и сертификация» и PhD докторантов - «Технология продовольственных продуктов» и «Пищевая безопасность».

На кафедре на высоком уровне поставлено международное сотрудничество с вузами России, ближнего и дальнего зарубежья (имени Горбатова, Московский государственный университет прикладной биотехнологии, Новосибирский аграрный университет, Южно-Уральский государственный университет г. Челябинск, Омский государственный аграрный университет, Алтайский государственный технический университет, Алтайский государственный аграрный университет, Кемеровский технологический институт, Национальный университет г. Одесса, Национальная академия наук по животноводству, Белоруссия, ведущие пищевые университеты Болгарии, Германии, Турции, Польши, Грузии, Таджикистан, Киргизстан и др.).

Более 10 лет ППС кафедры сотрудничает с д.с/х н, профессором Ребезовым М.Б. Совместно, с которым издано более 30 учебных пособий и монографий, получены патенты, опубликовано около 200 научных статей, в том числе в рецензируемых базах Web of science и Scopus. Ребезов М.Б. является зарубежным консультантом докторантов. Под его руководством защитили докторские диссертации и получили утверждение 3 докторанта (доктора философии PhD Окусханова Э.К., Жуманова Г.Т., Камбаров А.С.).

В целях профессионального роста и обмена опытом ППС кафедры участвуют в работе методических семинаров, научных конференциях, круглых столов, различных образовательных и исследовательских программах городского, республиканского и международного уровня, принимают участие в международных и республиканских конференциях, проводимых в вузах Республики Казахстан и в вузах ближнего и дальнего зарубежья.

Сотрудниками кафедры за 60 лет опубликованы, монографии, более 1000 научных статей, опубликованных в изданиях, рекомендуемых Комитетом по контролю в сфере образования и науки МОН РК, в изданиях зарубежных стран, более 100 статей в международных научных журналах, имеющих по данным базы компании Thomson Reuters и Scopus ненулевой импакт-фактор (в т.ч. опубликованных в рецензируемых журналах Q1), в сборниках международных и республиканских конференций, имеется множество инновационных патентов на изобретения.

Все ученые кафедры имеют индекс Хирша 3 и более.

На кафедре 30 лет функционирует диссертационный совет по защите докторских диссертаций по «Технологии продовольственных продуктов» и «Пищевая безопасность».

Кафедра оснащена современной материально-технической и исследовательской базой, инновационными техническими средствами обучения, что очень важно в процессе подготовки конкурентоспособных специалистов.

В Казахстане развитие пищевой промышленности имеет важное значение по обеспечению продовольственной безопасности страны, предприятия пищевой промышленности являются одними из самых крупных потребителей сельскохозяйственной продукции.

Совершенствование отечественной технологии и экономики, повышение ее конкурентоспособности путем активного использования инновационных подходов и наукоемких производств определяют пути последовательной реализации стратегии, учитывающие качественные и количественные изменения в экономике, нацеливают предприятия на высокий уровень развития.

**Бахыткуль АСЕНОВА,**  
кандидат технических наук,  
профессор

## НАСТАВНИК СРЕДИ НАС

**Высшее образование – это прежде всего преподаватель. Преподаватель не только дает знания, он оставляет след в душе каждого человека: ведь именно он помогает сформироваться этой душе.**

Ценность высшего образования в ценности преподавателя. Самым важным явлением, самым поучительным предметом, самым живым примером для студента является сам преподаватель. Эта известная истина не теряет своей актуальности. И никакие реформы, никакие перестройки и нововведения не в силах изменить сегодня образование. Все зависит только от терпения, мудрости, опыта и мастерства преподавателя, которому надвластно насыщать образовательное пространство своими знаниями и высокими образами.

Самых высоких слов как Педагог заслуживает Скрипникова Любовь Викторовна. Ленинский стипендиат. В 1987 году окончила технологический факультет Семипалатинского технологического института мясной и молочной промышленности и по распределению Министерства образования Казахской ССР в том же году начала трудовую деятельность в этом же вузе, где и продолжает трудиться на протяжении 35 лет, являясь неизменным патриотом Университета имени Шакарима. В 1989 году поступила в очную целевую аспирантуру. В 1996 году защитила диссертацию на соискание ученой степени кандидата технических наук. В 2001 году решением Высшей аттестационной комиссии присвоено ученое звание доцента по специальности 05.26.00-Безопасность. Область научных интересов – безопасность жизнедеятельности, производственная безопасность, безопасность продуктов питания, экология.

Сегодня Скрипникова Любовь Викторовна читает лекции по дисциплинам «Теория горения и взрыва», «Производственная санитария», «Техническое регулирование промышленной безопасности», «Безопасность техники и технологии», «Инженерная экология», «Загрязнение окружающей среды», «Безопасность производств», «Охрана труда», «Экологическая безопасность РК», «Промышленная экология», «Основы управления охраной труда», ОБЖ, «Охрана труда и ТБ в технической физике», «Переработка промышленных отходов», «Техника защиты окружающей среды», осуществляет руководство производственными практиками, дипломными работами и проектами, разделами БЖД в дипломных проектах. Увлеченность своим профессиональным направлением передалась и ее студентам. Практическая направленность



занятий, использование метода эксперимента, возможность самостоятельных открытий в ходе выполнения дипломных работ и проектов делает занятия любимыми для ее выпускников. В ней привлекает студентов высокая эрудиция, доверие к окружающим, умение дать стоящий совет.

«Грамотный преподаватель, мастер своего дела», - так с благодарностью говорят ее выпускники, потому что ее занятия стали для них самыми любимыми и интересными, а воспитательные мероприятия, подготовленные Любовью Викторовной, были для ее студентов настоящей школой жизни. Личностью становишься под чутким руководством опытного наставника, внимательного, переживающего за судьбу каждого из своих студентов, четко понимающего, каким хотел бы видеть в будущем своего выпускника. Благодаря своему ежедневному кропотливому труду Любовь Викторовна и стала главным человеком в формировании личностных качеств своих выпускников, которые стали достойными гражданами своей страны, уважаемыми людьми, руководителями. В каждом выпускнике чувствуется почерк своего любимого наставника.

Конечно, Любовь Викторовна делится опытом своей работы и с молодыми преподавателями. Мы охотно посещаем ее открытые занятия и воспитательные мероприятия, спрашиваем совета. Многие из них, и мы в том числе, в трудной ситуации спрашиваем: «А как бы вы поступили, Любовь Викторовна?» Вот таким и должен быть истинный наставник.

**Альфира САБИТОВА,**  
PhD, заведующий кафедрой  
«Химическая технология и экология»

**Гульмира САРСЕНБАЕВА,**  
старший преподаватель  
кафедры «Химическая технология и экология»

# ИСТОРИЯ КАФЕДРЫ «ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЕ ОБОРУДОВАНИЕ И МАШИНОСТРОЕНИЕ»

**Кафедра «Технологическое оборудование и машиностроение» является выпускающей кафедрой по специальности 6В07105-Технологические машины и оборудование, 6В07106-Машиностроение и 6В11301-Организация перевозок, движения и эксплуатация транспорта.**

Подготовка инженеров — механиков ведется с 1964 года. Первый выпуск был осуществлен в 1968 году. Первоначально, в 1964 году в Семипалатинском филиале Джамбульского технологического института легкой и пищевой промышленности была создана кафедра «Процессы и аппараты пищевых производств». Выпуск инженеров - механиков осуществлялся по данной кафедре. Первым заведующим этой кафедры был ст. преподаватель Шалапугин Владимир Николаевич. Данная кафедра просуществовала до 1995 года. Поскольку наборы студентов и выпуски инженеров из года в год росли, в 1972 году была создана специализированная выпускающая кафедра «Технологическое оборудование предприятий мясной и молочной промышленности». Первым заведующим кафедры ТОГММП был к. б. н., доцент Еникеев Альберт Фазылович. Затем кафедрой заведовали: доценты Туменов С.Н., Бобарева Л.Я., Еренгалиев А.Е., профессор Жайлаубаев Д.Т., профессор Туменов С.Н. и вновь доцент Еренгалиев А.Е., а с 2013 года к.т.н., доцент, член-корреспондент Международной Академии информатизации Акимов М.М., с 2019 года PhD Тохтаров Ж.Х. и с 2021 года Жумадилова Г.А. Нынешнее название «Технологическое оборудование и машиностроение» кафедра получила после объединения кафедр «Машины и аппараты пищевых производств» и «Машиностроение». В 2021 году присоединилась образовательная программа 6В11301-Организация перевозок, движения и эксплуатация транспорта.

Первоначальный на момент создания состав кафедры ТОГММП: к.б.н., доц., Почетный профессор СГУ имени Шакарима Еникеев Альберт Фазылович, к.т.н., доц. Карнаух Василий Иванович, ст. преподаватели Джолдасбаев Оркенай Жылкыбаевич, Щербаков Геннадий Зиновьевич, Жеваго Леонид Гаврилович, преподаватели Федоров Виктор Михайлович, Еренгалиев Аман Еренгалиевич.

